

**Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын 2014 жылы ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 19 ақпандағы № 164 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 11 наурызда № 4484 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихат аппаратының 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 02-30-3 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды ( Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихат аппаратының 16.01.2015 № 02-30-3 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау 2014 жылы ұсынылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының  
кезектен тыс сессиясының төрағасы А. Фишук

Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы А. Досжанов

**КЕЛІСІЛДІ**

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Экономика және қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ 3. Кенжегарина

